ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
№180 МЕКТЕП ГИМНАЗИЯ
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
БҰЙРЫҚ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
ШКОЛА ГИМНАЗИЯ №180
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА АЛМАТЫ
П Р И К А З

Бұйрық №910

КММ «№180 МГ»

03 қараша 2025 жыл

«Жабдықтың апаттық жағдайына байланысты
бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік
сатып алуды жүргізу туралы»

1. Техникалық қызмет көрсету барысында Алматы қаласы, Саялы шағынауданы, Аққайнар көшесі, 7 мекенжайында орналасқан №180 мектеп-гимназиясының су жинақтаушы резервуары (су қорының бағы) апаттық жағдайда екені анықталды: төменгі бөлігі толықтай тот басып, металда су ағатын тесіктер пайда болған. Резервуардың үлкен көлемі мен массасына, сондай-ақ қазандық бөлмесіне жүк көтергіш техниканың кіру мүмкіндігінің болмауына байланысты оны бөлшектеп немесе жаңа резервуарға ауыстыру мүмкін емес.
Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 28-бабы және 42-бабының 3-тармағы 1) тармақшасына сәйкес, бір көзден алу тәсілі апат, төтенше жағдайлар және олардың зардаптарын жедел жою қажет болған жағдайларда қолданылуы мүмкін, өзге тәсілдерді қолдану мүмкін болмаған немесе орынсыз болған кезде.

2. БҰЙЫРАМЫН:

2.1. Жабдықтың апаттық жағдайына байланысты су жинақтаушы резервуарды қалпына келтіру бойынша жұмыстарды бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүргізу.

2.2. Қоса берілген техникалық қорытындыға сәйкес техникалық тапсырманы бекіту, оның ішінде:
- резервуарды орнында жартылай бөлшектеу;
- төменгі бөлікке қол жеткізу үшін бүйір қабырғаларын кесу;
- зақымдалған металл учаскелерін алып тастау;
- жаңа металл табақтарын дәнекерлеу арқылы корпусты қалпына келтіру;
- дәнекер тігістерін герметизациялау және герметикалық сынақтан өткізу.

2.3. Бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүргізуге, мердігерді таңдауға, шарт жасасуға және орындауды бақылауға жауапты тұлға ретінде А.Е.Набатбай тағайындалсын.

2.4. Мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ақпараттық жүйесінде бір көзден алу тәсілін қолдану туралы ақпарат пен негіздемені белгіленген тәртіппен орналастыруды қамтамасыз ету.

Директордың м.а. Кусайынов Б.А.